

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZPBI3925>***С. А. Рахимбекова**

Esil University,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: saltanat.nur@mail.ru

КӨРКЕМ ОБРАЗДАРДЫ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҮЙРЕТУ

Берілген мақалада қазақ жазушыларының шығармаларындағы көркем образдарды талдау арқылы жоғары оқу орнының білім алушыларын қазақ тіліне үйрету тиімділігі туралы жазылған. Мақалада жазушы Ж. Молдағалиевтің шығармаларындағы образдар қарастырылған. Осы тұста Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ілияс Омаров сияқты қазақ халқының көрнекті тарихи тұлғалары да бар. Аталмыш тарихи тұлғалардың көркем образдарын талдау арқылы білім алушылар үшін арнайы лексикалық тапсырмалар мен грамматикалық жаттығуларды құрастыру ерекшелігі мен тиімділігі кеңінен қарастырылған. Деректі әңгіме, повесть, романдарда сипатталған көркем образдар шынайы тұрғыдан көрсетілген. Көркем образдарды талдау арқылы білім алушыларды қазақ тіліне үйрету тиімділігін практикалық қазақ тілі сабақтарында қарастырылды. Көркем шығармалардағы басты кейіпкерлер мен эпизодтық кейіпкерлер образдарының ерекшеліктері білім алушыларға алуан түрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабағында көркем образдар арқылы диалог, мәтін құрастыру, лексикалық тапсырмаларды топпен орындау жұмыстары білім алушыларға қазақ халқының болмысын терең көрсете алады. Шығармада берілген диалог пен монолог түрлері арқылы қазақ тілін үйрету мақсатында лексикалық тапсырмаларды топтық тапсырмаларға айналдыру тиімділігі жан-жақты қарастырылған. Шығармаларда суреттелген белгілі бір заманның көрінісі білім алушыларға танымдық ақпаратты ұсынады. Ел тарихын кеңінен көрсететін әңгімелер жанры арқылы білім алушылар қазақ тілін тиімді үйренеді.

Кілтті сөздер: көркем образ, салыстыру әдісі, талдау, диалог құрастыру, мәтін түрлері.

Кіріспе

1970–1980 жылдары қазақ әдебиеті, оның ішінде қазақ прозасы үшін ерекше жемісті кезең болды. Әдеби қазынамыздың байлығына айналған көрнекті жазушы Ж. Молдағалиевтің шығармалары Қостанай өңірінің тарихын, тарихи оқиғаларын бейнелеп, замандас болмысын реалистік тұрғыдан көрсетуге арналған. Көркем шығармалардың қатарында «Қыпшақ Ибраһим», «Ерте тұрған адам», «Бекіністе», «Алғашқы қоңырау», «Таза бұлақ» атты шығармалар бар.

Амангелді Иманов туралы жазған «Дауыл» атты драмалық шығармасында қазақ халқының батыры туралы баян еткен. «Жомарт жүрек» атты деректі повесте Ілияс Омаров туралы жазылған. Ж. Молдағалиевтің шығармалары көпшілікке танымал. Жазушының туындыларында тарихи тұлғалардың бейнелері көрсетілген. Жоғары оқу орнының білім алушыларына қазақ тілін үйрету мақсатында осы шығармалардағы кейіпкерлердің сұхбатын талдау қажет. Белгілі бір топқа әдеби шығармалар негізінде тапсырмалар берілген. Топ бірнеше топтарға бөлініп, талқылау жасап, жазушының «Ерте тұрған адам», «Бекіністе», «Қыпшақ Ибраһим» сияқты әңгімелеріндегі басты кейіпкерлер мен эпизодтық кейіпкерлердің сұхбатын талдаған.

Шығармашылық тапсырмаларды орындағанда жоғары оқу орнының білім алушылары белгілі бір жазушының шығармашылық процесіндегі жазылған шығарманы талдап, көбінесе басты кейіпкерлер тағдырына, шығарманың басты идеяларына назар аударады. «Шығармашылық процесс – күрделі нәрсе әрі нақты айқындалмаған ойлау процесі. Ал шығармашылық процестің психологиясы – шығармашылық қызметті психологиялық тұрғыда зерттеудің саласы» [1, 123].

Жоғары оқу орнының білім алушылары шығармашылық тапсырмалар арқылы белгілі бір шығармада берілген көркем образдарды қарастырып, зерттеу жұмысының нәтижесінде шағын жанрда жазылған әңгімелердің басты идеясын, сипатталған заманның болмысын, ұлттық менталитетті қарастырады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі төрт жалғау түрін белгілеп, анықтайды. Әр әңгімеде кейіпкерлер саны аз болғанымен, басты идеясы үлкен тақырыпты қамтиды. Мысалы, «Ерте тұрған адам» атты шығармада қазақ халқының ағартушысы Ыбырай Алтынсарин туралы жазылған. Бұл тарихи тұлға туралы жоғары оқу орнының білім алушылары белгілі бір мұрағаттық деректерді жинап, ізденіс жұмыстарын жетілдіреді. Жазушы Ж. Молдағалиев өзінің бірнеше шығармаларында еліміздің алдыңғы қатарлы азаматтарының тағдырын, тұрмыс-тіршілігін және жалпы болмысын суреттеумен қатар, белгілі бір заманның, дәуірдің тынысын, ерекшеліктерін, әлеуметтік-саяси мәселелерін толығымен ашты.

Шағын жанрда жазылған әңгімелер көлемді романдарының заңды жалғасы ретінде танымал. Тарихи тұлғалармен қатар, жазушы замандас бейнесіне де көңіл бөлген. Қазіргі кезде бұл мәселе жоғары оқу білім алушылар үшін өте маңызды

болып келеді. Жазушы өзінің шығармаларында замандас бейнесін сипаттап, басты кейіпкерлердің сұхбаты арқылы оқырмандарға сол заманның әлеуметтік-саяси көзқарастарын шынайы тұрғыдан көрсеткен. Заманауи замандас бейнесін «Астықты ауылда», «Алтынторы», «Торғай толғауы» және т.б. шығармаларында қарастыруға болады. Білім алушыларға шығармашылық тапсырмаларды орындау кезде аталмыш тақырыпта жазылған шығармалар тірек мәтін ретінде қажет.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми лингвистикалық әдебиетте теориялық талдау жасау және салыстырмалы модельдеу мақаланың негізі ретінде алынды. Қазақ әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектері теориялық, әдіснамалық бағыт ретінде пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Білім алушылар көркем шығармалардағы образдарды талдау арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Шығармашылық тапсырмалар лексикалық тапсырмалар қатарына жатады. Бұл тапсырмалар айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуға арналған. Білім алушылар арнайы тұрақты сөз тіркестерін қолданып, шағын топтарға бөлінеді де жұмыс жасайды. Мысалы, үш білім алушы шағын топ болып, сұрақ-жауап әдісі арқылы белгілі бір шығармадағы басты кейіпкердің образын талдайды. Бірінші білім алушы сұрақ қояды, екіншісі сол сұраққа кері жауап береді, ал үшіншісі дұрыс жауап береді. Бұл шығармашылық тапсырма арқылы білім алушылар тұрақты сөз тіркестерін есте сақтап, қысқа сұрақтар арқылы мәтінді талдайды.

Тереңдетілген деңгейдегі шығармашылық тапсырма ауызша жауапты талап етеді. Білім алушылар бірнеше тереңдетілген тапсырмаларды орындап, практикалық сабақтың тақырыбын қаншалықты игергенін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмаларда білім алушылар көркем шығарманы және басты кейіпкерді талдаған кезде алдымен шығарманың басты идеясы туралы өзінің көзқарастарын жазады. Басты идея туралы баяндағанда, білім алушылар практикалық сабақтың белсенді лексикасын қолданып, игереді. Көркем шығарманың рухани жағын басты кейіпкермен байланыстырып, үш сөйлем көлемінде жауапты жазады. Шығармашылық тапсырмаларда бірнеше маңызды пункттер беріледі. Сол пункттерді толтыру үшін білім алушылар басты кейіпкер мен эпизодтық кейіпкерлер туралы мәлімет жинау керек.

Көркем шығармада берілген басты идеяның рухани жағын, орындалу тәсілдерін немесе жолдарын, сипаттамасын, қосымша ақпаратын, пайдасын және жалпы жетістігін шығармашылық тапсырмаларда көрсету қажет. Шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде білім алушылар қосымша ақпаратты да қолдану керек. Мысалы, Ж. Молдағалиевтің «Бекіністе» атты әңгімесіндегі басты кейіпкер Ыбырай Алтынсариннің образын қарастырғанда, тарихи тұлға туралы қосымша ақпаратты баспасөз бетінен іздестіру қажет. Ыбырай

Алтынсариннің мұражайында сақталған ағартушының жеке хаттары негізінде де шығармашылық тапсырмалар үшін қосымша мәліметтерді жинауға болады. Жиналған материалды білім алушылар көркем шығармада берілген материалмен салыстыру керек. Салыстыру әдісі арқылы білім алушылар көркем шығарманың шынайылығын дәлелдеп, жазушының шеберлігін көрсетеді. «Бәрін айт та, бірін айт, көркемдіктің ең басты таразысы – шынайылық. Оқиға шынайылығы, сезім мен сурет шынайылығы, бір сөзбен түйіп айтқанда, өмір шындығының өзі. Дүниеде, табиғаттың өзінен көркем нәрсе жоқ. Өмір шындығына неғұрлым жақындаған сайын, көркемдік биігіне көтеріле бересің. Сенің әр сөзің, әр суретің оқушы көңілінде күдік қалдырмай, иландырып отыруы керек. Шындық бұрмаланған, оқырман иланбаған жерде құр ділмарлықтан, жылтырған көбік сөзден ештеңе шықпайды. Оқырман қауым, сенің өзге кемшіліктеріңді кешірссе де, өтірік айтқаныңды ешқашан кешірмейді» [2, 93].

Білім алушылар жазушының басты кейіпкердің образын белгілі бір заманның аясында сипаттағанын талдайды. Талдау барысында білім алушылар үшін арнайы сұрақтар беріледі. Тірек сұрақтарын пайдалана отырып, білім алушылар шығармашылық тапсырмаларда берілген пункттерді толтырады. Аталмыш пункттер белгілі бір шығармадағы басты кейіпкердің образын талдауға арналған. Жазушы кейіпкерді жеке тұлға ретінде көрсетіп, оның мінезін жан-жақты суреттейді. Осы тұста жазушы махаббат сезімі арқылы кейіпкерді ұтымды сипаттайды. «Адамның адамгершілік қасиеттерін анықтауда, оның рухани байлығын, биік азаматтық тұрғысын түсіндіруде махаббат тақырыбының да ерекше маңызы бар. Бұл тақырыптағы лирикалық повестер адамның ескірмейтін, тозбайтын сезімін жаңа жағдайларға байланысты зерттейді, одан адамды өмірге құлшындыратын, алға сүйрейтін өршіл идея іздейді» [3, 48]. Білім алушылар шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде басты кейіпкердің сезімдерін де сипаттайды. Осы тұста білім алушылар сын есімнің ережесін қайталайды. Сын есіммен қатар көркем мәтінде көбінесе тәуелді септеу, жалғаудың төрт түрі, модаль сөздер мен шылау ережелері кездеседі. Білім алушылар шығармашылық тапсырмалар арқылы көркем мәтінді талдағанда аталмыш грамматикалық ережелерге де көңіл бөлуі керек. Мектептің бағдарламасында бар грамматикалық ережелерімен қатар жоғары оқу орындарындағы грамматикалық ережелерді білім алушылар есте сақтап, талдау кезінде атап өтуі керек.

Білім алушылар үшін жиынтық образды талдау өте маңызды болып саналады. Осы тұста білім алушылар ұлттық менталитетті аңғарып алады. Мысалы, Ж. Молдағалиевтің «Ел суреттері» әңгімелер циклінде «Менің апам» атты шағын жанрда жазылған әңгімесінде басты кейіпкер арқылы ана образының жиынтық бейнесін көре аламыз. Жазушы анасының дінге беріктігін көрсетіп, сол кездегі ауылдағы әже-аналардың жалпы жиынтық бейнесін жасаған. «Әйтсе де,

ораза ұстауын қоймай кетті. Сексен үшке келіп, бұл өмірден өткенше толқымайды бір. Менің үгіт-насихатыма:

Пыштырма! Он үш құрсақ көтердім. Алтауын егіз тудым. Содан жер басып жүрген үшеу-ақсындар! Менің ораза ұстауым сол балаларыма арналады. Күні ертең арасына барып жатқанда, апам келді деп, алдымнан шықпай ма? Сонда не бетімді айтамын! – дейтін» [4, 144]. Осы сияқты көркем мәтінде берілген сұхбат арқылы білім алушылар басты кейіпкердің жалпы образын сипаттап, оның басқа образдармен ұқсастығын дәлелдеу керек. Көркем шығармада берілген сұхбатты пайдаланып, диалог құрастыруға болады. Талдау үшін шығармашылық тапсырмаларды орындау қажет. Шығармашылық тапсырмалардың атауларына қарай талдаудың құрылымы өзгеріп тұрады. Мысалы, «Жоспар» атты шығармашылық тапсырмада көркем шығармадағы басты кейіпкердің жетістігін, образдың жасалу тәсілдерін, жалпы сипаттамасын, пайдасын, жалпы ақпаратын, рухани жағын көрсету керек. Ал «Сұрақ» атты шығармашылық тапсырма бойынша басты кейіпкер образы бойынша негізгі сұрақ құрастыру қажет. Сонымен қатар басты кейіпкердің ұстанымын көрсету керек. Басты кейіпкердің рухани жағы, ол туралы ақпараты мен істерінің қажеттілігі туралы талдау жасап, білім алушылар шығармашылық тапсырманы орындау барысында грамматиканы да ескереді. Аталмыш шығармашылық тапсырмаларды орындағанда модаль сөздер қолданылады. Модаль сөздерді жиі қолданатын білім алушылар тұрақты сөз тіркестерін жаттап алады. Тұрақты сөз тіркестерін меңгерген білім алушылар өз бетінше ауызша шығармашылық талдау жасап, белгілі бір көркем шығарма жайлы идеяларын ортаға салады.

Көркем образды талдау арқылы білім алушылар сабақтың белсенді лексикасын қолданып, лексикалық тапсырмалар арқылы тұрақты сөз тіркестердің қолданысын ұғынады. Лексикалық тапсырмалар құрылымы жағынан үш топқа бөлінеді. Олар: жеңіл деңгейдегі лексикалық тапсырмалар, орта және тереңдетілген деңгейдегі лексикалық тапсырмалар. Аталмыш тапсырмалардың құрылымын ескере отыра, білім алушылар алдымен жеңіл деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Осы тапсырмаларда көркем шығармалардан алынған мәтіндер беріледі. Осы мәтіндерді өз сөзімен толықтарып, білім алушылар шығарманы есіне алып, басты кейіпкердің көркем образына сүйенеді. Жазушылар көркем образды жасағанда шынайы өмірде болған тұлғаны сипаттайды. Көркем образ реалистік тұрғыдан сипатталып, оның іс-әрекеттері, жалпы болмысы да реалистік тұрғыдан беріледі. Осы тұста тарихи оқиғаларға бай шығарма ретінде Ж. Молдағалиевтің «Дауыл» атты драмасын ұсынуға болады. Білім алушылар аталмыш шығармадағы көрініс тапқан драмалық сарынға толы диалог бойынша кейіпкерлердің көркем образдарын талдап, белгілі бір заманның әлеуметтік-саяси болмысын қарастырады. «Әманда драма арқауы – әрекет, байсал тапқанша

тынбайтын жанды өмір әрекеті. Бұл ұсақ-ұлан интрига түрінде де, үзді-жұлдызды конфликті түрінде де көрініс береді» [5, 184].

Білім алушыларды көркем образдарды талдау арқылы қазақ тіліне үйрету үшін бинарлық сабақтарды жүргізу қажет. Бинарлық сабаққа қашықтан әдебиеттанушыны немесе белгілі бір жазушыны шақырып, практикалық қазақ тілі сабақтарында он бес минуттық баяндамасын ұсыну қажет. Білім алушылар жазушының баяндамасын немесе әңгімесін ұғып, соның негізінде шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Сонымен қатар, білім алушылар шақырылған қонақтан интервью алып, сұрақ-жауап әдісі арқылы жұмыс жасайды. Бинарлық сабақтарда екі оқытушы болады және шақырылған оқытушы немесе жазушы он бес минут баяндамасын оқып, кейін білім алушылардың сұрақтарына жауап береді. Осы тұста білім алушылар белгілі бір тақырып бойынша сұрақ құрастыруға үйренеді. Әр бинарлық сабақтарда әртүрлі қонақ болу керек. Сонда білім алушылар тек оқытушының сөйлеу мәнеріне үйренбей, басқа да қонақтардың дикциясына, сөйлеу мәнеріне, стиліне үйренеді. Осы тұста білім алушылар шақырылған қонақтардан шешендік өнерге де үйрене алады. Бинарлық сабақтарды шетелдік жоғары оқу орындарында жиі пайдаланады. Осындай сабақ түрі практикалық сабақтар үшін ұтымды әрі пайдалы болып саналады. Бұл сабақтар үшін ақпараттық технологияларды пайдалану қажет. «Therefore, it is necessary to improve the competence of teachers in the field of online education and in the field of it. Teachers should be able to use different platforms in the educational process» [6, 108].

Қорытынды

Қорытындылай келе, мынаны айтуға болады: көркем образдарды талдау арқылы қазақ тілін үйрету үшін бинарлық практикалық сабақтарды жиі өткізу қажет. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалардың түрлерін кеңінен пайдаланып, білім алушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру керек. Көркем шығармаларда көрсетілген басты және эпизодтық кейіпкерлердің іс-әрекеттерін пайдаланып, бірнеше шығармашылық тапсырмаларды жасауға болады.

Реалистік тұрғыдан жазылған көркем шығармалардағы замана болмысын кейіпкерлер образдары арқылы ұғыну білім алушылар үшін үлкен жетістік болып саналады. Бұл тұста олар шығармашылық тапсырмалар бойынша арнайы презентацияларды дайындайды. Көркем образдарды талдау арқылы қазақ тілін үйрену жаңашыл әдістердің өзектісі болып саналады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Байменше, С.** Зергердің зертханасы : әдеби-тарихи эсселер [Текст]. – Алматы : «Сөздік-Словарь», – 2005. – 192 б.

- 2 **Тарази, Ә., Мұсаұлы, Л.** Көркемдік құпиясы [Текст]. – Алматы : «Санат», – 2000. – 240 б.
- 3 **Қирабаев, С.** Шындық және шығарма [Текст]. – Алматы : «Жалын», – 1981. – 252 б.
- 4 **Молдағалиев, Ж.** Ел суреттері [Текст]. – Алматы : «Жалын», – 1986. – 352 б.
- 5 **Нұрғалиев, Р.** Телағыс [Текст]. – Алматы : «Жазушы», – 1986. – 440 б.
- 6 [Electronic resource]. – <https://gpjournal.org/wp-content/uploads/2020/11/E-Journal-GLOBAL-PROCESSES-3.pdf>
- 7 **Кәрібаева, Б.** Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары [Текст]. – Астана : «Елорда», – 2001. – 312 б.
- 8 **Кенжебаев, Б.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері [Текст]. – Алматы : «Ғылым», – 1973. – 170 б.
- 9 **Ақшолоқов, Т.** Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты [Текст]. – Алматы : «Ғылым», – 2001. – 338 б.
- 10 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Текст]. – Алматы : «Санат», – 2002. – 360 б.

References

- 1 **Baimenshe, S.** Zergerdñ zerthanasy : adebi-tarihi eseler [The Jeweler's Laboratory : Literary and Historical Essays] [Text]. – Almaty : «Sozdik-Slovar», – 2005. – 192 p.
- 2 **Tarazi, A., Musaully, L.** Korkemdik qupiasy [Artistic secret] [Text]. – Almaty : «Sanat», – 2000. – 240 p.
- 3 **Qirabaev, S.** Shyndyq jane shygarma [Truth and fiction] [Text]. – Almaty : «Jalyn», – 1981. – 252 p.
- 4 **Moldagaliev, Zh.** El suretterı [Pictures of the country] [Text]. – Almaty : «Zhalyn», – 1986. – 352 p.
- 5 **Nurgaliev, R.** Telagys [Telangis] [Text]. – Almaty : «Zhazushy», – 1986. – 440 p.
- 6 [Electronic resource]. – <https://gpjournal.org/wp-content/uploads/2020/11/E-Journal-GLOBAL-PROCESSES-3.pdf>
- 7 **Karibaeva, B.** Qazırq qazaq adebietinn korkemdik damu arnalary [Channels of artistic development of modern Kazakh literature] [Text]. – Astana : «Elorda», – 2001. – 312 p.
- 8 **Kenzhebaev, B.** Qazaq adebieti tarihnyn maseleleri [Problems of the history of Kazakh literature] [Text]. – Almaty : «Gylym», – 1973. – 170 p.
- 9 **Aqsholaqov, T.** Korkem shygarmanyn estetikalıq tabıgaty [Aesthetic nature of a work of art] [Text]. – Almaty : «Gylym», – 2001. – 338 p.

10 **Qabdolov, Z.** Soz oneri [The art of words] [Text]. – Almaty : «Sanat», – 2002. – 360 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*С. А. Рахимбекова

Esil University,

Республика Казахстан, г. Астана.

Принято к изданию 08.09.23.

ОБУЧЕНИЕ ИЗУЧАЮЩИХ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ПОСРЕДСТВОМ АНАЛИЗА ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОБРАЗОВ

В данной статье рассматривается эффективность обучения изучающих казахский язык путем анализа художественных образов в произведениях казахских писателей. В статье рассматриваются образы в произведениях писателя Ж. Молдагалиева. А именно, выдающиеся исторические деятели казахского народа, такие как Ыбырай Алтынсарин, Абай Кунанбайұлы, Шокан Уалиханов, Ильяс Омаров. Путем анализа художественных образов упомянутых исторических деятелей изучается специфика и эффективность создания специальных лексических заданий и грамматических упражнений для обучающихся. Художественные образы, описываемые в рассказах, романах, представлены с реалистической точки зрения. Тот факт, что произведения искусства написаны на основе документов архивов, в полной мере раскрывает художественные образы. Эффективность обучения обучающихся казахскому языку посредством анализа художественных образов рассматривалась на практических занятиях по казахскому языку. Особенности главных героев и эпизодических персонажей в художественных произведениях позволяют обучающим выполнять различные задания. На уроке казахского языка диалог, композиция текста, лексические задания в группе через художественные образы могут глубоко отразить для учащихся сущность казахского народа. Всесторонне рассмотрена эффективность превращения лексических заданий в групповые задания с целью обучения казахскому языку через диалоговый и монологический типы, приведенные в работе. Сцена определенного времени, изображенная в произведениях, предлагает учащимся познавательную информацию. Обучающиеся эффективно

изучают казахский язык через жанр рассказов, широко раскрывающих историю страны.

Ключевые слова: художественный образ, метод сравнения, анализ, диалоговая композиция, типы текста.

*S. A. Rakhimbekova

Esil University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Accepted for publication on 08.09.23.

TEACHING STUDENTS TO THE KAZAKH LANGUAGE THROUGH THE ANALYSIS OF ARTISTIC IMAGES

This article is written about the effectiveness of teaching Kazakh language learners by analyzing artistic images in the works of Kazakh writers. The article deals with the images in the works of the writer Zh. Moldagaliev. Namely, outstanding historical figures of the Kazakh people, such as Ybyray Altynsarin, Abai Kunanbayuly, Shokan Ualikhanov, Ilyas Omarov. By analyzing the artistic images of the mentioned historical figures, the specifics and effectiveness of creating special lexical tasks and grammar exercises for students are widely considered. The artistic images described in stories and novels are presented from a realistic point of view. The fact that the works of art are written on the basis of archive documents fully reveals the artistic images. The effectiveness of teaching students the Kazakh language through the analysis of artistic images was considered in practical classes in the Kazakh language. Features of the main characters and episodic characters in works of art allow teachers to perform various tasks. In the Kazakh language lesson, dialogue, text composition, lexical tasks in a group through artistic images can deeply reflect the essence of the Kazakh people for students. The effectiveness of the transformation of lexical tasks into group tasks for the purpose of teaching the Kazakh language through the dialogue and monologue types given in the work is comprehensively considered. The scene of a certain time, depicted in the works, offers students cognitive information. Students effectively learn the Kazakh language through the genre of stories that widely reveal the history of the country.

Keywords: artistic image, comparison method, analysis, dialogue composition, text types.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz